



КНИГА ПОДАРЕНА

БАЯЗИД АУАНИ,  
ЖОЛБАРЫС БАЯЗИД

# ЖЫР МЕН СЫР


өлең, толғау, дастандар



046593 - и

Костанай басна-үйі  
Л. 2004 жыл  
облыстық әмбебаптың  
кітапханасы

МІАУА ДІНАРДА  
КІНЕМАТОГРАФ



Жолбарыс Баязид  
2003 жылдың наурыз айы.

K232  
ISBN 9965-535-73-6

Б 31

*Редактор Қазақстан Жазушылар  
одагының мүшесі  
СӘЛІМ МЕНДІБАЕВ*


*Пікір жазғандар  
Қазақстан Жазушылар одагының мүшесі  
ақын АҚЫЛБЕК ШАЯХМЕТ және  
Қазақстанның халық ақыны  
ӘСИЯ БЕРКЕНОВА*

**Баязид Ауани, Жолбарыс Баязид**  
**ЖЫР МЕН СЫР**, толғау, дастан, өлеңдер.  
Қостанай, “Баспа үйі” ААҚ, 2004 жыл, 560 бет.

“Жыр мен сыр” екі автордың - әкелі-балалы Баязид Ауани мен Жолбарыс Баязидтің өлеңдерінен, толғау, дастандарынан құрастырылған жинақ. Негізгі үш бөлімнен тұратын кітаптың алғашқы бөліміне әке жырлары топтастырылған болса, екінші және үшінші бөлімдерін Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі ақын Жолбарыс Баязидтің шығармалары құрайды. Оқушы жүртшылыққа бұған дейін “Бақытымның бұлағы”, “Жыр-ғұмыр” және “Жыр-дүние” жинақтары арқылы таныс автор бұл кітабында еркіндік пен тәуелсіздікке жеткен еліміздің бүгіні мен болашағы, адамгершіліктің асыл мұраттары, ұлт ұрпағы тағдырының хал-қарекеті жайлы толғанады.

Адам ғұмырының алуан кезеңін сыйпаттайтын “Жарты өмір”, “Жыр-ғұмыр” және жонғар-қазақ соғысының тұсындағы ата-бабалар ерлігі жайлы “Аталар аманаты” дастандары екі ақын жинағының үлкен жүгін көтеріп тұрған бағалы туындылар. Кітаптың үшінші бөлімін құрайтын әдеби зерттеулер, замандастар келбетін ашуға арналған топтама мақалалар тартымды, өсерлі, әрі женіл оқылады.

# **БІРІНШІ БӨЛІМ**



**БАЯЗИД АУАНИ**

**АҚИРЕТТЕ ОБАЛЬІМДЫ  
АРКАЛАР...**

толғау, өлең,  
әзіл-күлкі әуендер



## **ӨЗ ӨМІРІН ЖЫР-ҒҰМЫРГА ЖАЛҒАҒАН**

Баязид Тұрсынбайұлы Ауани 1886 жылды Костанай облысының Мендігара өңіріндегі қазақ елі мен Ресей мемлекетінің шекарасына іргелес жатқан Елшібек көлі жағасындағы Әлменбет әuletінің жаз жайлайында дүниеге келген. Экесі Тұрсынбай қажы, атасы Ауан қажы мұсылмандық парызын бір сапарда екеудің бірге өтеп қайтқан екен. Конекөз қариялардың айтуынша олар қажылық сапарга шамамен, 1911 жылды барғанга үқсайды.

Ақынның аргы ата-тегі жайында айтар болсак, ол Орта жүздің негізгі рулаresының бірі Ашамайлы Керейдің Бекарыстанын тарайтын Танаш әuletінен өрбіген үрпақтың өкілі. Ал, Танаш болса 1652 жылды дүние салған әйгілі Жәңгір ханының бас кеңесшісі, өз заманының көрнекті, кеменгер адамдарының бірі болған. Осы Танаштан тарайтын үрпақ Көшебенің: Жаңбыршы, Бораниы, Жауынгер, Жауқашты, Құланышы деп аталған бес ұлы болған. Соның Жауынгерінен Омар, Оспан, Қараораз, Таузар, Жоламан, Дәулен, атақты Толыбай сыныши би, қазақ әлеміне әйгілі “Елім-ай” дастанының иесі, кезінде үш жүз әскерінің ордабасы болған көрнекті қолбасшы, халқымыздың жонғар басқыншыларына қарсы күресінде ерен ерлігімен еліне аты мәшиһүр болған Қожаберген жыраудың әuletтері өрбіген. Ал, Жауқашты әuletінен Құдайменді, Құдайназар, Құдайберді, Үйпалақ сопы, Әлменбет үрпақтары тараган. Осы Әлменбет қажының үш әйелі болған және олардан тогыз үл дүниеге келеді. Қолаң есімді әйелінен – Үсенбай, Дәулет, Өтебай туады. Айбике есімді әйелінен – Бұзау, Айбас тарайды. Сусары атты үшінші әйелінен – Байдәулет, Қостан, Қарабатыр, Толыбай туган. Жогарыда айтқан Бұзау есімді атадан Орман, одан Жәменге, Жәменкеден Эжібай ақын, Эжібайдан Ауан туады. Баязид осы Ауан қажының ұлы Тұрсынбай қажының Орындық есімді бәйбішесінен туган жалғыз үл екен.

Баязид бір атадан жалқы. Ол ата-бабаларының қалауынша ауыл молдасынан оқып, арапша сауатын ашады. Екі бірдей қажының отбасында осіп, тәрбие алған оның күллі рухына діни ой-сенімнің берік орныгуы былай қараганда заңды, орынды да сияқты. Өйткені, аса діндәр эке мен жалғыз ұлы, әрі жалқы немересі саналатын оны әрдайым Алла жолына адал болуга,

шаригат талаптарына айрықша ықыласты болуга, діни қагидаларды өмірінің ережесі етіп үстай білуге мегзеп отырган.

Тобыл мен Обаган өзендерінің бір-бірімен тогысын, құйылысар тұсында, Қазақ елі мен Ресейдің шекаралас аймагында Баязидтің ата-бабаларымен бір кезеңде гұмыр кешкен ауылдас аталары Зұлқарнай қажы, оның ұлы Мұса қажы, сол сияқты Нұғыман қажы, Жүсінбек қажы тәрізді өз заманында қалың жұрты қадір тұтқан өулие, асыл перзенттердің де өнегелі өмір тұрпаттары болашақ ақынның ой-санасына, дүние танымына, өмірге деген қозқарасына айрықша игі өсер еткен.

Атадан жалғыз болған соң ол да үй тірлігінің болымсыз, күйі қарекетіне көп араласа қоймаган. Қебіне еркін жүріп, серілік тірліктің қызығымен ауылдардагы той-думандардың тамашасын көріп, қызықтауга бой берген. Ауыл-ауылдардагы әртурлі сауық-салтанаттарда зілі жеке, әзіл өлеңдерін оқып, домбыра, сырнай тартып, палуандар күресіне түсіп, шиті мылтықпен нысанага ілген тыынды ату сияқты әртурлі онерін көрсетумен думан-тойлардың сәнін, мәнін келтіріп жүрген сері, ақын аталған. Он уш жасында ауыл ақыны ретінде танылған. Шілдехана, қыз ұзату, келін түсірудің құлақ жетер жердегі қызығы мен думандарынан ол ешқашан сырт қалмаган.

Қырық бойдақтың (Усть-Уйский қаласы) дәстүрлі күзгі жәрмеңкесі күндерінде шартараптан жиылған қалың жүртітың алуан қызық думандарында да Баязид ақын сан мәрте мергендігімен, жауырыны жерге тиіп көрмеген палуандығымен коптің қошемет-құрметіне болініп жүрген. Эйтсе де домбыраши, сыйызғышы, палуандық, мергендік өнерінің сыртында Бәкенің ақындық, жырышылық өнерінің шоктығы биік тұрган деп айтудымыз керек.

Болашақ ақынның әкесі де, атасы да орта деңгейдегі тұрмыстық күйі бар адамдар болған. Өзге тұліктері өз алдына, жылқы санының өзі жарты мыңның ол жасақ, бұл жасақ деңгейінде болған көрінеді. Кенес үкіметі орнаган соң бай атаулыны жаппай тәркілеу кезінде Баязидтің де атадан қалған міл-мұлқі, үйір-үйір жылқылары түгел тәркіленіп, кеңестің ортақ қазанына түсіп кете барған. Бай ретінде жазаланып, өзі жер аударылатын болған соң бас саугалап, көршілес Ресей елінің Корған облысына қарасты Баглан (Звериноголовск) қаласы маңына қашып барып, сол тоңіректе жүріп, 1928-1934 жылдар аралығында өз отбасы шаруасының жәйін күйттеп, күн көрген. Байларды құгынга салып, кәмпескелеудің кесапатты дауылы

жүріп өткеннен кейін туган жеріне, ел-журтына қайтып оралып “Улгілі” деп аталған ұжымдық шаруашылыққа мүше бол кіреді. Онда әртүрлі жұмыстар атқарады.

Отызының жылдардың бас кезіндегі қатты қуаңшылық пен соның зардабынан болған ашаршылық онсыз да күйзелеп отырган журтты онан әрі титықтата тусти. 1935 жылы облыстың “Кеңарал” деп аталатын шаруашылығында егін ерекше бітік шығып, осы шаруашылықтың “Байгара” бөлімшесіне егін жинасуга жан-жасқтан шаруалар ағылып барып жатты. “Улгілі” ауылынан да уш-төрт адам, ішінде Бәкең де бар, егін жинасуга барады. Көп үзамай ауылдан бірге барған өзінің уш жерлесі Байгара қырманынан астық қымқырып жүріп, үрланған бір қапиың мен қолга туседі. Жазадан жалтару мақсатында, кейін, тексеріс кезінде, өз әрекеттерінен көzsіз өтірік арқылы, бірауыздан үйымдақсан түрде қылмыстарын Бәкеңе аударып, зәредей қатысы жоқ іске, жала жабу арқылы, араластырып жалған куәлік береді. Сөйтіп, аяқ астынан өз ауылдастарының экалған, көzsіз жаласымен бір өзі “жазықты” болып, Бәкең он жылга сақталып кете барады.

Кейін, тиісті орындар арқылы ізденип, шағымдануы нәтижесінде жаза мерзімі бес жылға кемітіледі. Отелуге тиісті бес жылдық жазасын екі жарым жылда толық өтеп шығып, абақтыдан босанғанымен айықпас дертке шалдыққан ақын Костанайдың облыстық ауруханасында, 135 шықырым қашықтагы үйіне, туган ауылына жетуге шамасы келмей, 53 жасқа аяқ басқанда дүние салады. Бұл 1938 жылғы сәуір айының 10-шы жүлдізы болатын. Аяулы ақын өзі тар орында жатқанында қарт аласы Орындық, сүйікті ұлы Абай да қайтыс болады. Экесі үсталып кеткенде ұлы Жолбарыстың бір жастан енді гана асып бара жатқан кезі екен. Ал, ең кенжесі Амантай әлі тумаган, жеті айлық күйінде іште қалған.

Баязид Ауанидің жырлары сақталып, бүгінгі күнге қалайша жетті екен деген сұрақ төңірегінде сөз етсек ол былай болған. Ақынның кезінде абақтыдан, тар орнынан ел-журтына хат арқылы жолдаган өлең-жырлары өз ауылындағы агайын туыстарына келіп жатқан. Бірақ ол жырлар әркімдердің қолында шашырап қала берген. Кезінде оларды жиыстырып, жинап жүрген жан болмаган. Ол кезде шыгарма олеңді домбырага қосып шырқап айту деген ауыл журтының дәстүріндегі іс болған. Ақынның абақтыдан елге жолдаган жырлары зарлы, магыналы, тыңдаушының жан-рухын тебірендірмей қоймайтын ізгі нарасатты ойларға толы болған

соң да ел ішіне кең тарап жатқан. Осы орайда ақынның озге балаларының ойына келе бермеген үлкен бір шаруаны Жолбарыс ұлы тыңғылышты тындыра білген. Экесінің ел ішінде жатқа айтылып жүрген өлең-жырларын ол өз ауылындағы кәріжастың аузынан жазып алған, жиып, теріп жүрген.

Ол төртінші-бесінші сыныпта оқып жүрген кезінен бастап әке олеңдерін тамтымдап теріп, жазып алған, көзінің қарашиғындай сактап, осы күнге аман алған келген. Экесінің жырларын ол әр кездерде осы күні марқұм болып кеткен Магұз Нұғыман қажы ұлының, Сергали Ақбасұлының, Баяхмет Нысанұлының, Бәк және Әбен Құшырбек ұлдарының айтуынан, сондай-ақ Нұrbай Алдабергенов, Мырзагазы қарттардың, ауылдасы, жасы үлкен агасы Қорған Көбенұлының аузынан, Бәкеннің, ақын Баязидтің өзінің туган үл-қыздары Өзібек пен Ғазизаның айтуларынан жазып алған.

Ақын Баязид Тұрсынбайұлы Ауанидің оқырман жүртішілікқа ұсынған жеке өлеңдер мен толгаулар жинағының “Аңысын таттай жалғанның” деп аталуы да заңды. Жалған дүниенің запыранын татпаған адам бұл омірдің қадірін де біле бермейді деп бабаларымыз тегін айтпаған шыгар. Сондықтан да ақын өз жырында:

Аңысын таттай жалғанның,  
Армансыз пенде қалып па?!

Басына түспей қындық,  
Кожасы құлын танып па?! - деп толгайды.

Ер жігіттің кемел жасы - қырық тогыздай мүшелге толып, бірақ жазықсыздан жазықсыз жала жабылып абақтыға тускен ақынның өлеңдерінің біразы сол тар орында жазылған. Оның өзі тауып айтқанында “ел мен жерден жетім тілмен”, жүрек қанын соргалата отырып қағазға тускен.

Кірпіштен қабыргасы салған биік,  
Тарқайды өлең айтсам іштен күйік.  
Сыймайтын кең далага тентектерін,  
Жұп-жусас, тар орынга жатыр сыйып,-

деп суреттеген тар орынның қаранды пейілі, қапас ауасы, қарақоңлі ақын жсанын жаралайды. Билік айттып әкім болмаган, кулық жасап кісі ақысын жісемеген, ақ жсанын өлең гана тербекен ақын:

*Табылмай кетсе дауасы,  
Салғаның Ҳақтың көрейін.  
Фонардай жсанып Арқада,  
Түрмеге келіп сөнегін.  
Тіріде тартып “күнәмді”,  
Бітіріп барып өлейін.  
Наңақтан жатып түрмеде,  
Өліпті деп бір жалғыз,  
Әңгіме етсін Керейім!*

*Жаламен жазалы болып, гұмырының тамаша бір кезеңін тар қапаста өткізіп жатқан ақын жүрек осылайша қамыгады, қапаланады.*

*Бірақ қанша тарықса да, қамықса да өзіне өзі сабыр беріп, ойнақы әзіл-сықаққа да орын табады:*

*Тіл - қайық, қалам – ескек, қагаз – теңіз,  
Теңізге түссін аздап бізден лебіз.  
Үш мезгіл жемін беріп, су ішкізіп,  
Сарайда күтіп жатқан біз бір өгіз, -*

*дей келіп, отыз бесінші жылдың қараша айында жазған хатында:*

*Көп сәлем жалпы қазақ баласына,  
Сары боз бетегелі даласына.  
Табигат қосылуды сагынады,  
Сүт еміп, тамыр тартқан анасына, -  
деп қорытынды жасайды.*

*Ақын көкейдегі көрікті ойдың өнін қашырмай әдемі де жерлі бере біледі. Қайғы-қасіреттің, өзінің жазықсыз жазалану себебін ақын жүрегі наалы күйімен толгайды:*

*Қызыл тілім сөз жазады ашынып,  
Бұл сапардан қалман істі жасасырып,  
Қолмен үстап, мойынменен көтерсем,  
Өлсем дагы арманым жоқ асылып!*

*Терең ойга түсіп кетсе дал басым,  
Қысылғаннан жат етердей алласын.  
Ашық, айқын, осы сырды шеш Алла,  
Ақиремте күнәм болып қалмасын!*

*Мен келгенше іштегі тол марқаяр,  
Тіршіліктің базары да тарқалар.*

*Бұл қылмысқа мені қосқан азамат  
Ақиремтте обалымды арқалар*

*Ақын қасіретін, талауга түскен тәгдышын жырышыл жүрөгі осылай толғаган. Бұл жалғандагы өділетсіздіктің, жала мен жалғанның қиянатына айтылған ақ ниетті асыл жүректің үкіміндегі естілетін жырлар!*

*Ақын Шығыс шайырларына тән әдісті қолданып, көбінесе жазған жырларында өзінің Мендігара жерінен, Көшебе Керей елінен екенін атап көрсетіп отырады. Оның ішінде Бұзау руының перзенті екенін де ескертіп отыруды естен шыгармайды. Туган анасы мен өзінің жарына тоқтау мен басу айтЫП, “арқандалсаң қазығына сабырдың, рахатын бір көрсетер Құдайым”, деп үстамдылық танытады.*

*Анасын да, даласын да шын сагынган ақын:*

*Туган жер, үзілмейсің неге есімнен,  
Қалмайсың қалам алсам кеңесімнен  
Сары Арқа, жазық далам сагындырып,  
Май менен бал жүрмейді өңешімнен!,-*

*деп асau көңілімен шарқ үрады. Елде қалған балалардың атын атап, түсін тустан, оларга ақыл-кеңес берумен бірге, ұлы дүние, үлкен өмірдің сан сатысында нарасатты, инабатты, иманды адам болып қала білу керектігін уағыз етеді.*

*Мендігара өнірінде туып-өскен белгілі ақын Галиахмет Сергалиұлы тауып жазғандай: “елуінде бір қыын іс кез болған, алтын басы абақтыда жең болған” Баязид ақын көңілінің шерін жүрган ақын інісіне, ақын досына тар орыннан хат жолдан ақ алғысын білдіреді.*

*Қыннан қыстырып сөз құраган ақын өлеңге келгенде алдына жан салмайды. Ақынга қара сөзден өлең оңай дегендей, ауыздан шыққан әрбір созі ақ қағазға жыр болып құйылады. Өзінің “Балықты ауылының азаматтарына” деген небәрі он шумақтан тұратын шагын өлеңіне осы ауылда тұратын алтыс адамның аты-жөндерін түгел сыйғыза білген. Олардың аттарын атаяу арқылы ел-жүрттың көз алдына елестетіп жатқанын жыр жолдарымен оқырман алдына айнадай жайып салады.*

*Ақынның үлтжандылығы, қазақ халқының болашагы үшін алаңдауы әрбір өлеңінен мен мұндалап көзге түседі.*

*Арак, шылым, қарт, насыбай үрлықты,  
Әдем қылсаң - алдың тілеп қорлықты!*

*Сапар шегіп жазып кеткен ағаңың  
Үқсан сөзін болдың жігіт орнықты!-  
деп кейінгі толқын, үрпаққа гибрат айтады.*

*Tісті - құлыпқа, көңілді - сандыққа, тілді - кілтке балаган ақын өзі өмір сүріп отырган заманың аужайын тап басып, өзін сол заманың ауына шырмалып қалған балыққа санаған ақын жамандыққа күйініп, жақсылыққа сүйінеді.*

*Күн мен түндей алмакезек ауысып, итжығыс түсіп жетатын жалған мен ақиқаттың арпалысында шындықтың жесеңіп шыгарына сенеді. Галиахмет ақынның бейнелі сөзімен айтар болсақ “орманынан орга қуып түсіріп, жазықсыздан құрық түскен құландай” болған Баязид ақын “Жарты өмір” деп аталатын толгауында Сары Арқаның сары даласында көрген қызығын жаз жайлап, қыс қыстайтын сайын белдерін, айдын көлдерін, жастық шақтағы көрген түстей дәуренін, туган елдің, өскен жердің сөні мен салтанатын, мерейі мен маҳаббатын жырга қосады.*

*“Он екі қыз” деп аталған өзіл-шыны аралас үзақ өлеңінде қыздарға сипаттама береді. Олардың кейбіреуі бақта өскен топтыдай, кейбіреуінің ақылына көркі сай, енді біреуінің жанына жігіт жоламайды десе де болады. Осының бәрін айшықты теңеумен, коркем тілмен жеткізе білген ақынның ойының шалымдылығына, қаламының қарымдылығына таң қаласың, таңдай қагасың! Ақынның “Күзде өлді көксау өгіз жаздай жүріп”, “Майлы тұздық” және “Хасен-Сейіт хикаясы” деген өзіл, өжудә, сықақ сипатындағы олеңдерін езу тартпай оқу мүмкін емес.*

*Адам баласын қамырдай илеген қай заманда болмасын тура айтқан туысына жақпаган. Сондықтан да жақсының ізін андуши, етегінен тартушы өсек сөз айтушы көп болған. “Күшік асырап им еттім, ол балтырымды қанатты” деген ұлы Абай сөзін Ахмет Байтурсынов қайта жаңғыртып: “маган ауыр осылардың бәрінен, өз ауылымның иттері үріп қапқаны”, - демеп пе еді?! Баязид ақын да осы ұлылар айтқан ақиқаттан үзап кете алмайды, іші қазандай қайнап, бармагын шайнайды.*

*Жақсының аты, галымның хаты өлмейді. Көңілге медет қылар бір жай - әке арманын ұлы жалғады. Баязид Ауани ақынның баласы Жолбарыс Баязид белгілі ақын атанды. Экесі қыздарды сынап жыр жазса баласының аруларға арнаған әні қазақ жерін шарлан кетті. Мұны ата арманының бала арқылы жүзеге асуы, мақсат-мұраттың межелі жерге жетуі деп түсінгеніміз абзал.*

*Ақынның ұлы Қазақстан Жазушылар одагының мүшесі  
Жолбарыс Баязид 1986 жылы “Әкеммен әңгіме” деп аталатын  
дастан жазды. Бұл шыгарма “Жыр-гұмыр” жинағына енген.*

*Осы жырында ол:*

*Жетім өскен жас гұмырга жабығам,  
Бар мұратым ақылыңан табылған.  
Әке деген ұлы есімнен ес біле  
Парасат пен ұлылықты танығам,-  
деп әке қадіріне ақын ұлы иіле тағым етеді.*

*Ақын Баязид Ауанидің бұл жырларының Кеңес заманында  
жарыққа шыгуы деген мүмкін іс емес еди. Экесінің абақтыда  
болғаны, ата-бабаларының діндар, қажы болғаны ол кезде  
кейінгі үрпагы үшін үлкен “айып” саналып, бетке шіркеу болғаны  
хақ. Кеңестік дәуір келмеске кетті. Еркіндік пен әділетке қол  
жеткен тұста өткеннің өкінішті жағдайларына тиісті бағасы  
беріліп, ак пен қараның беті толық ашылып жатыр. Осының  
бір көрінісі ақын Баязид Ауани өлең-жырларының да өз халқы,  
оз жүртіна жетіп, аман-сау қолына тиіп отырганы. Ақын  
жырлары алғаш рет 1996-1997 жылдары Қостанай облыстық  
“Қостанай таңы” газеті беттерінде жарияланып, жарық  
көрді. Оттыз сегізінші жыл қазақ тарихында қара әріппен  
жазылған болса, сол қаралы жылдардың зардабын тартқан  
азаматтың бірі ретінде Баязид Тұрсынбайұлы Ауани ақынның  
өлеңдерінің жарық көруі оның арамызга қайтып оралғаны, өзі  
дүниеден өткеннен кейін арага алғыс бір жыл салып өлең-  
жырларының жарыққа шыгуы, өмірі өнерге жалғасып, екінші,  
мәңгілік гұмырының басталуы әдебиетіміз бен мәдениетіміздің  
олжасы деуіміз керек! Бірақ, бұл олжаса үлкен жүректі – жыр  
жүректі ақынның көз жасы екенін ұмытпауымыз керек.*

**Ақылбек ШАЯХМЕТ**

*Қазақстан Жазушылар одагының мүшесі,  
Халықаралық “Қазақ тілі” қоғамы Қостанай  
облыстық үйімінің төрагасы*



# КӨҢІЛ ДЕРТІ – МҰҢШЫЛДЫҚ ЖЕТКІЗБЕГЕН МЫҢ ШЫНДЫҚ

## Жарты өмір

*толғау*

Мақсұт бол хабарлассаң ел ішімен,  
Ерке өскен Сары Арқаның серісі мен.  
Аға-іні, ата-шеше, құрбы, женге,  
Аман-сау жүрмісіндер тегісімен?!

Азамат ел үргынын білуге арнап,  
Сұрайды сағынғаннан тілім сайрап.  
Туған жер, туған елдің топырағын,  
Тышқандай мәкәндаған жүрміз шарлап.

Жыр жаз деп мұнды көңіл дігерлейді,  
Ой мен тіл бәрінді де түгендейді.  
Баруға туған елге көңіл ынтық,  
Тұрмысы замананың жібермейді.

Әркімнің жері қымбат туып өскен,  
Қыс – тоғай, жазы туса қырға көшкен.  
Кешегі жарты өмірдің баянынан  
Не етеді айта берсем ойға түскен!?

Құсмұрын теңізінен шыққан жылап,  
Жылғасы Обағанның аққан бұлак.  
Белден шөп, бетегелі екі бетін,  
Коныстар арғын, қыпшак, керей, уак.

Бір кезде көл, тоғайын отарлаған,  
Бұл күнде біз бір мұндық сапарлаған.  
Тобылға Обағанның құйылысын,  
Бір бөлек біздің Керей мәкәндаған!

Жыландаі иірілген ұзын бойын,  
Ұзілмес елі сауық, ойын-тойың,  
Тоғайға таңдан тұрып айдал салса  
Бағусыз жатар жусап сыйыр, қойың.

Көк жалтыр, жасыл құрак, айдын көлдер,  
Курайлы, бетегелі жазық, шөлдер.  
Төбесі нар жолындаі қобыланыш,  
Жатыр ма төсін керіп биік өрлер?

Жұрсе – алыс, көзге – жақын биіктегі,  
Көңілдің айтсан тарқар күйіктегі.  
Ойға аққан ирек-ирек бұлакты сай,  
Жайылған бойын өрлей киіктегі.

Бұлдірген, шиелі ағаш жемістеген,  
Шаруаның бірі екі бол өрістеген.  
Балық, құс, шабын, қамыс бәрі өзінде,  
Айтарлық бір жері жоқ келіспеген.

Касқырлы биік қырлар қарағайлы,  
Жарқабак, тұлқілі апан, терең сайлы.  
Қурайшөп сыйызылы бұлдыраған,  
Кең қуыс тобылғылы аламайлы.

Жерінде теңіз де бар ну қамысты,  
Сазы жоқ лайланған былғанышты.  
Қауіпті аң жүретін аралы бар.  
Үзілмей мәкәндаған жолбарысы!

Шаруаның малы жарап айдауына,  
Жыры сай табиғаттың сайрауына.  
Әр елдің өз тұсынан өрге қарап,  
Жарысып жол шығады жайлауына.

Жігіттік бойды күйттеп өсіреді,  
Өлместей өмір сұын ішіреді.  
Жайлауга осы жолмен шыға қалсаң,  
Еріксіз ойға кеңес түсіреді.

Қыстаудан қарлығаштар шыққан еріп,  
Қанатпен сыйап өтер жақын келіп.  
Шығарып жарты жолға саламыз деп,  
Сайрайды қүйқылжытып төніп-төніп.

Жолдағы шиелі ағаш, қызыл шырпы,  
Күн жауса паналайтын ыққан жылқы.  
Шұбырып қыз-келіншек шие теріп,  
Кеш қылған ұзын күнді ойын-күлкі!

Май туса жерге жұпар шашылады,  
Иісін жұтып кеуден ашылады.  
Селеулі, үкіленген ұзын шөптер,  
Арбаның дәңгелегін жасырады.

Жайлауға жақындасан шағынданып,  
Кой, сыйыр жүрер малшы табынды алып.  
Сансыз ел ірге қосып қонған үйдің,  
Төбесі көрінеді сағымданып!

Жайлаудың Елшібек көл бергі шеті,  
Ұңғылдан көшіп шыққан елдің беті.  
Қашып кеп жылқы, сыйыр жатыр жусап,  
Ынтық бол от-суына есі-дерті!

Төменде көкшे жалтыр өрі биік,  
Балық, құс мәкәндаған көніл сүйіп.  
Оқ жетпес айдың көлдің жалтырында,  
Аққу, қаз отырушы еді мойын иіп.

Қоғасы көнек шелек шүмегіндей,  
Балдыры сарттың жасыл жібегіндей.  
Етіктің қонышындаі табан балық,  
Тоқтының уылдырық жүрегіндей!

Кәсіпші балдыр тасып, құрак баулап,  
Қайықшы талапкерлер балық аулап.  
Сатса – ақша, жесе – тамак, жігерлінің  
Ырыздық еңбегінен акқан саудат!

Л. Толстой атындағы Қостанай  
облыстық әмбебам ғылыми  
кітапханасы

Жас өмір әркім білген өнерін де,  
Қаз, үйрек атамыз деп кегерін де,  
Тоя алмай мылтықшылық қызығына,  
Жүретін көлді айналып кемерінде.

Бозбала сылқ-сылқ құлген нөкер-нөкер,  
Кім айтар бұл сөзімнің бірі бекер.  
Шәй ішер кешкі салқын көлеңкеде,  
Үгілген сары ірімшік балдай шекер!

Ел сырты келі қаққан, кендір желі,  
Үзілмей үйқылы-ояу жатқан белі.  
Кестелі қызыл шұбар көйлек киіп,  
Қыдырып қызды үйлерде жүрген сері.

Қатындар бәсекемен басқан ширак,  
Май алып, құрт қайнатар, іркіт жинап.  
Жұн тұтіп, жіп иіріп, өрмек тоқып,  
Қызықты іс көреді жарын сыйлап.

Ұзын күн қымыз ішкен шарадасып,  
Кеш болса үлкен-кіші араласып.  
Жастардың тамырлары білеуленіп,  
Күресіп жататұғын жағаласып.

Інірде жиналған қыз сылдыр етер,  
Етегін ұзын көйлек үлбіретер.  
Жүріспен білмегенсіп хабар беріп,  
Ішінді у жегендей елжіретер.

Құлындағы қаракүлак ерте туған,  
Сұм қыздар тәуекелге белді буған.  
Сонынан жас інісі ере шықса,  
“Қағынғыр, үйге бар!” деп кейін қуар.

Байланған жеті бақан арқанменен,  
Арқанға жатып алып арқанменен,  
Қасыңда ғашығынды отырғызып,  
Тербеле ән саласың қалқанменен!

Айқасқан жылы, жұмыр білектері  
Жаны бір, орыны бөлек жүректері.  
Жас өмір тәтті дәмін тез тартқыз деп,  
Ентіккен өкпе соғып тілектері.

Ақ қайраң асты тақтақ, кілем-ай деп,  
Ерке өскен елде туып, жерім-ай деп  
Жаратқан жат жүрттыққа, мұнын айтып,  
Ән салар қыздар дағы елім-ай деп.

Фашықтың домбырашы күйін тартар,  
Махаббат екі есе бол көніл артар.  
Қыз-жігіт айырылысуға қыса алмай,  
Ұялып, күн шыққан соң әрен тарқар!

Сайран ғып июль, июнь, майдың айын,  
Болады август туса шөпке дайын.  
Құрметті, жайлау күннің түндерінде  
Дейтуғын бір жүрелік сәулетайым!

Бауырынан сәулең жақын, бірге туған,  
Жан ба екен ең ақылсыз соны құған?!  
Қайғымен жарапанған көніл болса,  
Шипа боп сол көнілді сәулең жуған!

Жел тұрса көлдің шеті көпіреді,  
Қой-ешкі жар басында секіреді.  
Шанышқақ, маса, сона сол айларда,  
Ызылдан малдың тынышын кетіреді.

Туған соң тұн салқындар август айы,  
Бос жүрген азаматтың кетер жайы.  
Керегін қысқы малдың жинаймыз деп,  
Жабылып шөпке түсер жарлы, байы.

Қалмайды азаматтың елде бірі,  
Дені сау отырмайды, болса тірі.  
Ауылда шал, малшыдан басқа жан жок,  
Қалады жайсыз болып елдің түрі.

Азамат ақ оракта өңкей жігер,  
Деп тұрған бейне солдат жауға жібер.  
Тал, тоғай, өзен, шілік, томар, жарық  
Меншікті шабысына қоныс тігер.

Аштықпен құс қанаты күнге кепкен,  
Келер деп шөпшілерді жаздай күткен,  
Қосына кіріп бірге жатамыз деп,  
Анталап жайын айтар маса біткен.

Кебіс бас үйрек суда сұқ-сұқ дейді.  
Көлбақа көлде жатып бық-бық дейді.  
Жел тынып, ерте тұрып құлак салсан,  
Балға, төс орақ соққан тық-тық дейді.

Шөмелे жыбырлаған қабандары,  
Кеш тұрып, соң бітірер шабандары.  
Шөп бітсе, қосын жығып көшер елге,  
Тесіліп етігінің табандары.

Айырған аз ғана егін бойға шақтап,  
Жүрмейді қазақ екем оны баптап.  
Шөбімен аз егінді қабат жинап,  
Жылқымен екі-үш күнде алар таптап.

Біткесін шабыны мен егін кәсіп,  
Қонысқа ел жайлаудан келер көшіп.  
Жаңа жер, мал сүтейіп, ел көркейіп,  
Шаттанар күллі адам көнілі өсіп.

Сарғайып жапырақпен нұрлы күндер,  
Октябрь туып, жеткен күзгі күндер.  
Жер, судың өңі қашып, күн қысқарып,  
Жұлдызы жарқыраған ұзын түндар.

Шаруа қой, сыйырын жатар айдал,  
Күтінер қора қымтап, үйін майлап.  
Қамсыз бол, қамыс орып, құдық қазып,  
Коймаса қор болады, ерте сайладап.

Биік шөп, қофам қылып ішке үйілген,  
Тығыздал жер қарада ерте үйген!  
Ноябрь, декабрьде малын қойып,  
Жегізер қарын қағып бір бүйірден.

Кең қоныш, киіз байпак, былғары етік,  
Жылы тон, тері биалай, көңіл тетік.  
Астында семіз құрат, сенсөң тымак.  
Шаруа ой ойлайды өлеңдетіп.

Соғымға ту биемді сояйын деп,  
Арықты шөпке ерте қояйын деп,  
Семіртіп ала өгізді базар салып,  
Орнына үш-төрт тайынша қояйын деп.

Шөп жемей, теуіп шықса қыста жылқым,  
Жететін қыс бойына май мен құртым.  
Ішті бол биелерім аман шықса,  
Өртен ғып мал жаяйын көлдің сыртын.

Бай, кедей, тәрбиелі көп пен азы,  
Үзбеген ет тағамын қыс пен жазы.  
Семіртіп үй басына соғым жемдеп,  
Бәсеке салыстыру семіз қазы.

Қыр аңы ақша қарда желуші еді  
Аңшылар қырға түннен өруші еді.  
Байланып қасқыр, қарсак, қоян, тұлқі,  
Аңшылар ак қырау бол келуші еді.

Қыстаған қазақ елі шалыс-шалыс,  
Ұстаған қарғашаға ұзын қамыс.  
Еріккен албарында бір-екі атын,  
Азамат үйден мініп шықса жарыс!

Қараған ынтымакты бір бауырға,  
Қарасқан жолда жүрсе жүті ауырға.  
Іілген бура мойын, қоңыр тұтін,  
Косылар жылжып барып көрші ауылға.

Март бітсе күні жылынар апрельдің,  
Қар кетер күшіменен қоңыр желдің.  
Буланып қара тұман сулар тасып,  
Тыныштығын кетіреді жақын елдің.

Қолға алып қазақшылық порымдарын,  
Ыс қылып торсық, саба құрымдарын.  
Айғырдың сауырына айран құйып,  
Шыңғыртып байлап қояр құлындарын.

Қымызды бәсекемен жинасады,  
Бұрмесін қыстан шыққан сыйға асады.  
Ағайын көлге көшіп, басын қосып,  
Шақырып бірін-бірі сыйласады.

Тіс - құлып, көңіл – сандық, тіл бір кілт,  
Көруге сандық ішін етіп үміт,  
Сөйлетіп кәрі ағасын хат жаздырған,  
Ахмәди Досымбеков сері жігіт.